

"Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 5 шілдедегі № 648 және 2008 жылғы 21 сәуірдегі № 573 жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президенті Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 3 маусымдағы № 506 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 5 шілдедегі № 648 және 2008 жылғы 21 сәуірдегі № 573 жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Премьер-Министрі

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
К. Мәсімов*

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 5 шілдедегі № 648 және 2008 жылғы 21 сәуірдегі № 573 жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы

Қ А У Л Ы Е Т Е М І Н :

1. Қазақстан Республикасы Президентінің мынадай жарлықтарына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) "Жекелеген мемлекеттік жоғары оқу орындарына ерекше мәртебе беру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 5 шілдедегі № 648 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2001 ж., № 27, 331-құжат; 2003 ж., № 39, 397-құжат; 2006 ж., № 26, 265-құжат):

1-тармақтың 8) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"8) Қазақ ұлттық өнер университетіне;"

2) "Бірінші басшыларын Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын мемлекеттік жоғары оқу орындарының мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 21 сәуірдегі № 573 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2008 ж., № 19, 166-құжат):

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген бірінші басшыларын Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын мемлекеттік жоғары оқу орындарының тізбесінде:

реттік нөмірі 7-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Қазақ ұлттық өнер университеті".

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Президенті Н. Назарбаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК